

Накыпова Гулнур Кабылтаевнаның «6D010300 (8D01101) – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторант Накыпова Гулнур Кабылтаевнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті, зерттеу нысаны ретінде алынған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мамандарды кәсіби даярлау жүйесі, атап көрсеткенде, магистранттарды, жоғары оқу орнында бәсекеге қабілетті, білімді әрі тәжірибесі мол, жаңа технологияларды, жаңаша ойлауды, белгілі ортаға икемді қарым-қатынастар жасай алатын бәсекеге қабілетті мамандар қалыптастыру үдерісі болуда. Осыған орай еліміздегі үздіксіз білім берудің екінші сатысы болып табылатын магистратура педагог кадрларды дайындауда айрықша орын алады. Себебі магистрлік даярлық білім алушылардың ғылымға дербестігінің өсуімен, өз бетінше білім алуымен, зерттеу әрекеттеріне қызығуымен және өз бетінше ғылыми-ізденушілігімен сипатталады. Магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыруы оқу үдерісінің бөлінбес бөлшегі ретінде қарастырамыз. Ғылыми-педагогикалық еңбектерде кәсіби біліктілікке қол жеткізуге бағытталған білім беру бағдарламаларының қайта жасақталуы, сондай-ақ модульдік оқу бағдарламаларының енгізілуі, білім алушылардың жеке қабілеттері мен кәсіби білім алудың мүмкіндігі, кредиттік оқыту жүйесінің жұмыс жасауы магистранттардың өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға тікелей әсер еткендігін көріп отырмыз. Сондықтан, бұл тұста оқытушының немесе ғылыми жетекшінің оқу үдерісінде магистранттардың өзіндік жұмысты ұйымдастыруын негізге алуы және оны кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағыттай білуі, өзіндік жұмыстарды жоспарлауы мен тиімді ұйымдастыра білуіне жағдай туғызады. Өйткені, өзіндік жұмыс – нәтижеге жетудің негізгі құрамдас бөлігі деп тұжырымдаймыз.

Накыпова Гулнур Кабылтаевнаның дайындаған диссертация жұмысы жоғары оқу орындарында басшылыққа алынатын мемлекет тарапынан бекітілген нормативтік құжаттардың бағыттарына сәйкес келеді. Өйткені, диссертация тақырыбы білім беру мен ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты, атап көрсетсек, ол Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Педагогтің кәсіби стандарты» және Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы және т.б.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу диссертациялық зерттеудің мақсаты болып табылады.

Диссертациялық жұмыста жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мамандардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаған. Сонымен қатар, «кәсіби құзыреттілік», «өзіндік жұмыстар» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының мазмұны, құрылымы мен қызметі нақтыланған, магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процессінің құрылымдық-мазмұндық моделі негізделген және әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілген.

Докторант зерттеу жұмысының міндеттерін жүзеге асыру үдеріс барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Барлық алынған нәтижелері жаңа:

1-нәтиже жаңа – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.

2-нәтиже жаңа – «кәсіби құзыреттілік», «өзіндік жұмыстар» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігі» түсініктерінің мазмұны, құрылымы мен қызметі нақтыланды.

3-нәтиже жаңа – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4-нәтиже жаңа – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік кешені: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық жоба-бағдарламасы; «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» оқу-әдістемелік құралы дайындалды.

Диссертация жұмысының тараулары және тармақшалары арасындағы логикалық байланыс пен сабақтастық қағидасы сақталған. Әр тараудың ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте баяндалып, нақты тұжырымдармен дәйектелген. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады, бұлардың барлығы да зерттеу проблемасына байланысты қойылған мақсат пен міндеттердің мазмұндық сипатын ашады және диссертацияның құрылымдық, мазмұндық жағынан біртұтастығын көрсетеді. Зерттеудің қорытындысы ғылыми тұрғыда дәлелді көрсетілген.

Г.К.Накыпованың диссертациялық жұмысы тәжірибелік, қолданбалы бағытқа ие. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарында кәсіби және элективті курстарды оқытудың сапасын арттыруға, сабақтарды нәтижелі ұйымдастыруға септігін тигізеді.


Зерттеу жұмысын орындау барысында докторант Гулнур Кабылтаевна өзін жақсы жағынан көрсетті: еңбекқор, ізденімпаз, креативті ойлау қабілеті мол, зерттеушілік мәдениеті жоғары. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері 17 мақалада көрініс тапты. Оның ішінде Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 6. Scopus деректер қорына енетін басылымда - 2, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағында 8 мақала және 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрді.

6D010300 (8D01101) – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған докторант Накыпова Гулнур Кабылтаевнаның дайындаған «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарын толық қанағаттандырады.

Накыпова Гулнур Кабылтаевнаның дайындаған «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу еңбегін диссертациялық кеңесте ашық қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



Ш.М.Майгельдиева

қолды РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ подпись

